

**"Денсаулық сақтау саласында біліктілік емтиханын өткізу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2009 жылғы 6 қарашадағы № 661 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы**

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2012 жылғы 5 шілдедегі № 457 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2012 жылы 13 тамызда № 7844 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 28 тамыздағы № 693 бұйрығымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 28.08.2015 № 693 (09.10.2015 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

«Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 18 қыркүйектегі Кодексінің 7-бабының 28) тармақшасына, 176-бабына сәйкес денсаулық сақтау саласындағы біліктілік емтихандарын өткізу тәртібін жетілдіру мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Денсаулық сақтау саласында біліктілік емтиханын өткізу ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2009 жылғы 6 қарашадағы № 661 бұйрығына ( нормативтік-құқықтық актілері мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5884 болып тіркелген Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органдарының және басқа да орталық мемлекеттік органдардың 2010 жылғы № 1 Актілер жинағында жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

Көрсетілген бұйрықпен бекітілген денсаулық сақтау саласындағы біліктілік емтихандарын өткізу тәртібі осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда ж а з ы л с ы н .

2. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Медициналық және фармацевтикалық қызметті бақылау комитеті (Б.С. Байсеркин) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде заңнамамен белгіленген тәртіппен мемлекеттік тіркеуге жіберсін.

3. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Заң қызметі және мемлекеттік сатып алу департаменті (Е.Р. Әмірғалиев) осы бұйрықтың мемлекеттік тіркеуден өткеннен соң бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының

Денсаулық сақтау вице-министрі Е.Ә. Байжүнісовке жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Денсаулық сақтау министрі

С. Қайырбекова

Қазақстан Республикасы

Денсаулық сақтау министрінің

2012 жылғы 5 шілдедегі № 457

бұйрығына қосымша

Қазақстан Республикасы

Денсаулық сақтау министрінің

міндетін атқарушының

2009 жылғы 6 қарашадағы

№ 661 бұйрығымен бекітілген

## **Денсаулық сақтау саласындағы мамандар үшін біліктілік емтиханын өткізу қағидасы**

### **1. Жалпы ережелер**

1. Осы Денсаулық сақтау саласындағы мамандар үшін біліктілік емтихандарын өткізу қағидасы (бұдан әрі – Қағида) «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 18 қыркүйектегі Кодексінің 176-бабының 4-тармағының, 7-бабының 28) тармақшасына, «Медицина және фармацевтика мамандықтарының номенклатурасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2009 жылғы 24 қарашадағы № 774 бұйрығына сәйкес әзірленді және орта (техникалық және кәсіптік), орта білімнен кейінгі, жоғары медициналық білімі бар адамдардың кәсіптік медициналық қызметті жүзеге асыруға даярлығын анықтау мақсатында біліктілік емтиханын өткізу тәртібін а й қ ы н д а й д ы .

2. Осы Қағидаларда мынадай анықтамалар пайдаланылды:

- 1) маман – медициналық білімі бар денсаулық сақтау саласының қызметкері;
- 2) маманның үздіксіз кәсіби даму жүйесіндегі сынақ бірлігі (бұдан әрі – СБ) – маманның кәсіби қызметінің нақты кезеңіне үздіксіз кәсіби дамуына ықпал ететін іс-шараларға қатысу көлемін өлшеудің шартты бірегейлендірілген бірлігі;
- 3) практикалық дағдыларды бағалау – мамандардың практикада теориялық білімдерін қолдана білуін анықтау;
- 4) сынақ бірліктерін жинақтау жүйесі – үміткердің соңғы бес жылда үздіксіз

кәсіби даму іс-шараларына қатысуын біртіндеп есепке алу жүйесі;

5) тәуелсіз сарапшы – денсаулық сақтау саласында тәуелсіз сараптама жүргізуге арналған «Денсаулық сақтау саласындағы аккредиттеу Ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы № 1559 қаулысына сәйкес аккредиттелген жеке тұлға;

б) үміткер – маман сертификатын алуға үміткер медицина қызметкері.

3. Осы біліктілік Қағидаларына сәйкес біліктілік емтихандарын:

1) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Медициналық және фармацевтикалық қызметті бақылау жөніндегі комитет (бұдан әрі – МФҚБК) және оның аумақтық департаменттері – санитариялық-эпидемиологиялық бейіндерді қоспағанда орта (техникалық және кәсіптік), орта білімнен кейінгі және жоғары медициналық білімі бар мамандар үшін ;

2) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қызметті қадағалау комитеті (бұдан әрі – МСЭҚКК) және оның аумақтық департаменттері – орта (техникалық және кәсіптік), орта білімнен кейінгі және жоғары санитариялық-эпидемиологиялық бейінді жоғары медициналық білімі бар мамандар үшін өткізеді.

4. Денсаулық сақтау саласындағы мамандар үшін біліктілік емтихандары:

1) міндетті – медицина қызметкерлерінің клиникалық мамандығына сәйкестігін анықтау және тиісті маман сертификатын бере отырып, оларды клиникалық практикаға (пациенттермен жұмыс істеуге) жіберуге рұқсат беру үшін ;

Міндетті біліктілік емтихандары осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша біліктілік санаты берілмейтін маман сертификатын берумен аяқталады;

2) ерікті – тиісті біліктілік санатын бере отырып, мамандардың кәсіби деңгейін анықтау үшін деп бөлінеді.

Ерікті біліктілік емтихандары осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша біліктілік санатын бере отырып, маман сертификатын берумен аяқталады ;

Біліктілік санатын бере отырып және біліктілік санаты берілмейтін маман сертификаты клиникалық практикада жұмыс істеуге рұқсат болып табылады (пациенттермен жұмыс істеу).

5. Клиникалық практикаға рұқсат алу үшін (пациенттермен жұмыс істеу), интернатурада, клиникалық ординатурада және резидентурада (интернатураны бітіру қарастырылмаған мамандықтар бойынша жоғары оқу орнын бітірген соң және/немесе өтініш берілген мамандық бойынша бастапқы мамандандыруды (қайта даярлау) циклын бітірген соң, ал орта медицина қызметкерлері үшін – колледжді, «Жалпы медицина» мамандығы бойынша бакалавриатты бітірген соң,

маман міндетті біліктілік емтиханынан өтеді.

6. Біліктілік санаты беріле отырып және біліктілік санаты берілмейтін маман сертификаты Қазақстан Республикасының аумағында берілген күнінен бастап 5 жыл бойы қолданыста болады. Осы мерзім өткеннен кейін сертификаттың қолданысы тоқтатылады.

## **2. Міндетті біліктілік емтихандарын өткізу тәртібі**

7. Міндетті біліктілік емтихандары автоматтандырылған компьютерлік тәсілімен тестілеу түрінде үміткердің таңдауы бойынша мемлекеттік немесе орыс тілдерінде өткізіледі.

8. Міндетті біліктілік емтихандарын тапсыру үшін мамандар МФҚБК аумақтық департаменттеріне мынадай құжаттарды ұсынады:

- 1) осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш;
- 2) түпнұсқасымен салыстыру үшін жоғары, орта білімнен кейінгі немесе орта медициналық білім туралы дипломның көшірмесін, түпнұсқа ұсынылмаған кезде нотариаттық расталған дипломның көшірмесі;
- 3) интернатураны, клиникалық ординатураны, резидентураны бітіргендігі және/немесе салыстыру үшін құжаттардың түпнұсқасын ұсына отырып өтініш білдірілген мамандық бойынша қайта даярлаудан (мамандандырудан) өткендігі туралы куәліктердің көшірмелері. Құжаттың түпнұсқасы болмаған жағдайда, нотариаттық расталған көшірмесі ұсынылады.

2005 жылғы 1 қаңтарға дейін өтініш білдірілген мамандық бойынша клиникалық қызметке кіріскен тұлғаларға тиісті мамандығы бойынша қайта даярлаудан өту талап етілмейді;

4) соңғы 5 жылдары мамандығы бойынша жоғары білімі бар мамандар үшін жалпы көлемі 216 сағат және орта медициналық білімі бар мамандар 108 сағат көлемінде біліктілігін арттырудан өткендігі туралы куәландыратын құжаттың көшірмесі (жұмыс өтілі болған жағдайда);

5) еңбек кітапшасының не еңбек жолын растайтын құжаттың (болған жағдайда) көшірмесі;

6) білім туралы құжаттың (жоғары, орта білімнен кейінгі немесе орта медициналық білім) нострификациясы туралы куәландыратын құжаттың көшірмелері (қажет болған жағдайда);

7) жеке басты куәландыратын құжаттың көшірмесі.

Құжаттарды қабылдау МФҚБК аумақтық департаменттердің кеңсесінде «бір терезе» қағидаты бойынша жүргізіледі.

9. Ұсынылған құжаттардың толықтығын тексеру оларды қабылдап алған сәттен бастап 2 жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады. Міндетті біліктілік

емтиханынан өту үшін құжаттар толық ұсынылмаған жағдайда, үміткерге бас тарту туралы дәлелді жазбаша жауап жіберіледі.

Тестілеу МФҚБК аумақтық департаменттерімен өткізіледі.

10. Тестілеуді өткізудің мақсаты – теориялық білімдерін, Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау саласындағы заңнамаларды білуінің, сондай-ақ тиісті мамандық бойынша тәжірибелік амалдарды шешу қабілеттілігін ұ т ы м д ы б а ғ а л а у .

Тестілеуге арналған үй-жай бейнебақылау камераларымен ж а р а қ т а н д ы р ы л а д ы .

11. МФҚБК аумақтық департаменттері тестілеуді өткізетін орнын, күнін және уақытын көрсете отырып тестілеуге қатысатын үміткерлердің тізімін қ а л ы п т а с т ы р а д ы .

12. Тестілеуге мамандар жеке куәліктерін ұсынған жағдайда жіберіледі.

13. Тестілеудің басталуына 10-15 минут қалғанда МФҚБК немесе аумақтық департаментінің қызметкері тестілеуден өтетін үміткерлерге бағдарламамен жұмыс бойынша нұсқаулық жүргізеді.

Өзін нашар сезінген жағдайда маман бұл туралы тестілеу басталғанға дейін МФҚБК аумақтық департаментінің қызметкеріне хабарлауы тиіс және одан әрі т е с т і л е у г е ж і б е р і л м е й д і .

14. Мамандық бойынша тест сұрақтарының саны 50 құрайды. Тестілеуге арналған у а қ ы т - 6 0 м и н у т .

Тестілеуден өту және біліктілік санаты берілмейтін маман сертификатын алу үшін шекті деңгей жалпы жауаптардың 50% кем емес дұрыс жауаптары көлемін қ ұ р а й д ы .

15. Тестіні өткізуге берілген уақыт аяқталғанда, бағдарлама автоматты түрде ж а б ы л а д ы .

16. Тестілеу кезінде үміткерлердің сөйлесуіне және тестілеу өткізіліп отырған үй-жайдан шығып кетуіне болмайды. Қабылдаушы-таратушы электрондық құрылғылар (оның ішінде жеке қалта компьютерлері және өзге де электрондық құрал-жабдықтар) тестілеу кезінде өшірілуі тиіс.

17. МФҚБК аумақтық департаментінің қызметкері үміткер тестілеу тәртібін бұзған кезде оны тоқтатады және үміткердің тестілеуі өтілмеді деп есептеледі.

18. Тестілеу нәтижесін есептеу компьютерлік бағдарламаның көмегімен автоматты түрде жүргізіледі.

19. Тестілеу нәтижелері осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес екі данада ресімделеді, оның бірі үміткерге ол тестілеуді аяқтағаннан кейін беріледі, үміткердің қолы қойылған екінші данасы МФҚБК аумақтық департаментінде с а қ т а л а д ы .

20. Тестілеуден өткен үміткерге біліктілік санаты берілмейтін маман

сертификаты олардың тестілеуден өткен күнінен бастап күнтізбелік 10 күннің ішінде беріледі.

### 3. Ерікті біліктілік емтиханын өткізу тәртібі

21. Ерікті біліктілік емтихандары осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес үміткер ерікті біліктілік емтихандарын өткізу кезіндегі біліктілік талаптарына (бұдан әрі – біліктілік талаптары) сәйкес болған кезінде өткізіледі.

Жоғары және орта медициналық білімі бар үміткерлерге санат беру кезінде қойылатын біліктілік талаптары еңбек өтілін, тестілеу кезіндегі дұрыс жауаптардың пайыздарын, оның үздіксіз кәсіби дамуына ықпал ететін іс-шараларға үміткердің қатысуын есепке алады.

Үміткердің өзінің үздіксіз кәсіби дамуына ықпал ететін іс-шараларға қатысу көлемі санатты беру кезінде СБ қайта есептеу жүйесі бойынша (негізгі және қосымша) СБ - да өлшенеді.

22. Мамандардың біліктілік деңгейі мынадай санаттар бойынша анықталады:

- 1 ) екінші санат;
- 2 ) бірінші санат;
- 3 ) жоғары санат.

23. Жоғарыда көрсетілген санатқа өтініш білдірілген біліктілік санатына біліктілік санатын алған күннен бастап маман кемінде үш жылдан кейін жіберіледі.

24. Ерікті біліктілік емтихандары 2 кезеңнен тұрады:

- 1 ) тестілеу;
- 2 ) әңгімелесу.

25. Үміткерлер біліктілік санаты берілетін маман сертификатын алу үшін құжаттарды қолданыстағы маман сертификатының мерзімі аяқталғанға дейін кемінде алты айға жетпейтін мерзімде МФҚБК, МСЭҚК аумақтық департаменттеріне немесе МСЭҚК аумақтық департаменттеріне ұсынады.

Құжаттарды қабылдау МСЭҚК, МФҚБК аумақтық департаменттерінің және МСЭҚК аумақтық департаменттерінің кеңсесінде «бір терезе» қағидаты бойынша жүргізіледі.

26. Ерікті біліктілік емтихандарын тапсыру үшін үміткерлер осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініштерді және 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша аттестаттау ісін тапсырады.

27. Аттестаттау ісі үміткермен толтырады. Аттестаттау ісіндегі жазбалар аттестаттау ісінің тармақтарына және бағандарына сәйкес нақты және толық болуы тиіс, мәліметтер дәйекті болуы тиіс.

Толтырылған аттестаттау ісіне үміткер, кадр қызметінің маманы, сондай-ақ

медициналық ұйымның басшысы қол қояды және медициналық ұйымның м ө р і м е н р а с т а л а д ы .

Кадр қызметінің маманы және медициналық ұйымның басшысы үміткердің аттестаттау ісінің толтырылуының дұрыстығын және дәйектілігін куәландырады.

Аттестаттау ісінің әр парағына ұйымның мөрі басылып, әр бетіне кадр қызметінің маманы қол қояды.

Қол қойылған және куәландырылған аттестаттау ісі үміткерге беріледі.

28. Санитариялық-эпидемиологиялық бейіні мамандығы бойынша мамандарды қоспағанда, жоғары медициналық білімі бар үміткердің күнделікті практикада пайдаланатын диагностика және емдеу әдістері көлемінің өтініш білдірген санатқа сәйкестігіне қорытындыны, медицина қызметкерінің бейініне сәйкес облыстардың, республикалық маңызды қалалардың, астананың денсаулық сақтауды мемлекеттік басқарудың жергілікті органдарының мамандары (бастапқы медициналық-санитариялық көмек, акушер-гинеколог, хирург, педиатр, терапевт), орта медициналық білімі бар мамандарға, санитариялық-эпидемиологиялық бейіні мамандығы бойынша мамандарды қоспағанда – негізгі жұмыс орнындағы бас мейірбике береді.

Үміткердің практикалық дағдылары мамандықтардың біліктілік сипаттарына с ә й к е с б а ғ а л а н а д ы .

29. Біліктілік емтихандарын өткізу кестесі (үміткерлердің аттестаттау істерін, тестілеу, әңгімелесуін, өтінішін қабылдау) жыл сайын МФҚБК немесе МСЭҚК бекітіледі. Біліктілік емтиханын өткізу жыл бойы тоқсанына бір реттен кем емес ө т к і з і л е д і .

30. Медициналық білімі бар үміткердің санитариялық-эпидемиологиялық бейінді мамандарын қоспағанда осы Қағидалармен белгіленген талаптарына сәйкестігін МФҚБК аумақтық департаменттерімен тартылатын тәуелсіз с а р а п ш ы л а р а й қ ы н д а й д ы .

Тәуелсіз сарапшы осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес үміткердің аттестаттау ісінің біліктілік талаптарына сәйкестігін бағалайды.

Егер үміткер өтініш білдірілген санаттың практикалық дағдыларының біліктілік талаптарына сәйкес келмесе үміткер тестілеуге жіберілмейді.

31. Біліктілік санатын алу үшін мамандар осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес біліктілік талаптарға сай болуы тиіс.

Өтінішті, аттестаттау істерін қабылдау, сондай-ақ мамандарды тестілеуді МСЭҚК, МФҚБК аумақтық департаменттері және МСЭҚК аумақтық департаменттері жүзеге асырады.

32. Тестілеу шекті деңгейдің нәтижелерін қоспағанда, осы Қағидалардың 2-тарауда қарастырылған ұқсас тәртіппен жүргізіледі.

Тестілеу нәтижесі тестілеу өткізілген күннен бастап бір жыл бойы күшінде

б о л а д ы .

33. Үміткер біліктілік емтиханның келесі кезеңіне егер тестілеу нәтижесі белгіленген шекті деңгейден кем пайызды құраған жағдайда жіберілмейді: жоғары санатқа 80% – дан кем емес, бірінші санатқа – 70%-дан кем емес, екінші санатқа – 60% - дан кем емес .

34. Үміткердің тестілеу нәтижесі өтініш білдірілген санаттан төмен болған жағдайда үміткердің келісімі бойынша өтініш білдірілгеннен төмен санатқа арналған біліктілік емтиханының келесі кезеңдерін өтеді.

50% немесе одан жоғары дұрыс жауап берген үміткер біліктілік санаты берілмейтін маман сертификатын алады .

Біліктілік санаты берілмейтін маман сертификатын алу үшін үміткер тестілеу нәтижесі мен өткізілген күні көрсетілген жазбаша түрде өтінішті аумақтық департаменттерге ұсынады .

35. Әңгімелесу өткізу үшін МФҚБК немесе МСЭҚК, олардың аумақтық департаменттерінің, денсаулық сақтау басқарудың жергілікті органдарының, республикалық ғылым және білім беру ұйымдарының, сондай-ақ денсаулық сақтау саласындағы үкіметтік емес ұйымдардың өкілдерінің санынан МФҚБК, МСЭҚК және олардың аумақтық департаменттерінің бұйрығымен мамандандырылған комиссия (бұдан әрі – комиссия) құрылады.

Комиссия мүшелерінің саны тақ болуы және 13 адамнан кем болмауы тиіс. Комиссия төрағасы болып Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің аппаратының немесе МФҚБК, МСЭҚК, олардың аумақтық департаменттерінің басшылары қызметкерлерінің бірі тағайындалады. Комиссия мүшелерінің арасынан төрағаның орынбасары тағайындалады.

Егер комиссияның отырысында комиссияның бекітілген құрамының кемінде үштен екі мүшесі қатысса, комиссияның отырысы құқықты болып саналады.

36. Дауыс беру нәтижелері комиссия мүшелерінің басым дауыстарымен айқындалады. Дауыстар саны тең болған жағдайда шешуші дауыс болып комиссия төрағасының дауысы саналады. Комиссия хатшысының дауыс беру құқығы жоқ .

37. Әңгімелесу барысында маманның біліктілік деңгейі, оның кәсіптік міндеттерді (диагностикалық, тәсілдік, ұйымдастырушылық) шеше білуі, қолда бар ақпаратқа талдау жасай білуі және ол бойынша тиісті шешім қабылдай білуі бағаланады .

38. Ерікті біліктілік емтиханы аяқталғаннан кейін осы Қағидалардың 8-қосымшасына сәйкес комиссия отырысының хаттамасы ресімделеді.

МФҚБК, МСЭҚК комиссиясы отырысының хаттамасының негізінде, МФҚБК , МСЭҚК немесе оның аумақтық департаменттерінің басшысымен бұйрық түрінде ресімделетін маман сертификатын беру туралы шешім шығарады.



39. Біліктілік санаты берілетін маман сертификаты МФҚБК, МСЭҚК немесе оның аумақтық департаменті комиссия отырысының күнінен бастап күнтізбелік 30 күннің ішінде беріледі.

40. Біліктілік емтихандарын тапсыра алмаған тұлғалар өтініш пен өтініш білдірген мамандығы бойынша көлемі жоғары білімі бар мамандар үшін кемінде 108 сағат және орта білімі бар мамандар үшін – 54 сағат болатын біліктілігін арттыру курстарынан қосымша өткендігін растайтын құжаттарды ұсынғаннан кейін біліктілік емтиханды қайта тапсыруға жіберіледі.

41. Біліктілік емтихандарын қайта тапсыра алмаған тұлғалар аттестаттау ісін, өтініш пен өтініш білдірілген мамандық бойынша жоғары білімі бар мамандар үшін көлемі кемінде 216 сағат және орта білімі бар мамандар үшін 108 сағат болатын тақырыптық біліктілігін арттыру курстарын қосымша өткенін растайтын құжаттарды ұсынғаннан кейін біліктілік емтиханды қайта тапсыруға жіберіледі.

Біліктілік емтиханын қайта тапсыру үшін үміткерлер құжаттарын МФҚБК, МСЭҚК және оның аумақтық департаменттеріне тапсырады.

42. Біліктілік санаты беріле отырып, өткізілетін біліктілік емтихандарын өткізу кезінде мыналар ескеріледі:

1) медициналық-санитарлық алғашқы көмек көрсететін (учаскелік терапевтер, педиатрлар, жалпы практика дәрігерлері, фельдшерлер, акушерлер және мейірбикелер), терапия, педиатрия және жалпы хирургия мамандықтары бойынша қызметті жүзеге асыратын аудандық (ауылдық) стационарлар деңгейінде қызметкерлер үшін сағаттарының жалпы көлемінен 50 %-нан асырмай бейінді мамандық бойынша біліктілігін арттыру өтуге рұқсат беріледі;

2) егер маман өтініш білдірген мамандық бойынша соңғы екі жылда екі немесе одан көп ұйымдарда жұмыс істесе, есебін осы ұйымдардың басшылары жеке-жеке бекітеді;

3) денсаулық сақтау жүйесінде тәуелсіз сарапшы болып табылатын тұлғалардың жұмыс өтіліне мамандығы бойынша тәуелсіз сарапшы ретінде аккредиттелген сәттен бастап, сараптамалық қызметінің жұмыс өтілі мамандық бейіні бойынша жұмыс өтіліне саналады;

4) денсаулық сақтау жүйесінде мемлекеттік қызметкер болып табылатын тұлға, денсаулық сақтау жүйесінің кәсіподақтарында (бірлестіктерінде) жұмыс істеп жатқан "қоғамдық денсаулық сақтау/әлеуметтік гигиена және денсаулықты ұйымдастыру" мамандықтары бойынша біліктілік санатын алуға үміткердің жұмыс өтіліне денсаулық сақтау жүйесіндегі, сонымен қатар, денсаулық сақтау жүйесінің кәсіподақтарында және мемлекеттік қызметтегі жұмыс өтілі саналады;

5) «мейірбике ісі» мамандығы бойынша сертификат алуға үміткер тұлғалардың осы мамандық бойынша жұмыс өтіліне «фельдшер, жалпы практика фельдшері» және «акушер, жалпы практика акушері» мамандықтары бойынша

жұмыс өтілі де саналады;

6) «жалпы дәрігерлік практика» мамандығы бойынша маман сертификатын алуға үміткер тұлғалардың осы мамандық бойынша жұмыс өтіліне «терапия» және «педиатрия» мамандығы бойынша еңбек өтілі саналады;

7) «терапия» және «педиатрия» мамандығы бойынша маман сертификатын алуға үміткер тұлғалардың осы мамандық бойынша жұмыс өтіліне «жалпы дәрігерлік практика» мамандығы бойынша еңбек өтілі саналады;

8) жалпы практика дәрігері лауазымына орналасқан тұлғалар үшін терапия (жасөспірімдер терапиясы), педиатрия мамандығы бойынша алған қолданыстағы біліктілік санаты қолдану мерзімі аяқталғанға дейін сақталады.

43. Бірінші, жоғары санат берілген тиісті мамандық бойынша маман сертификатының қолданысы өтінілген мамандық бойынша қатарынан үш рет бірінші, жоғары санат алған тұлғалары үшін мерзімсіз болып табылады.

Тиісті біліктілік санаты берілетін мерзімсіз маман сертификатын алу үшін мамандардың МСЭҚК-ге, МСЭҚК аумақтық департаменттеріне, МФҚБК аумақтық департаменттеріне мынадай құжаттарды ұсынады:

- 1) осы Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш;
- 2) маман сертификаттарының көшірмелері;
- 3) жеке басты куәландыратын құжаттың көшірмесі;
- 4) жалпы көлемде соңғы 5 жылда үздіксіз кәсіби деңгейін дамыту шараларына қатысқанын растайтын құжаттар:

бірінші санатты мамандар үшін:  
жоғары медициналық білімі бар мамандарға – 254 СБ, орта медициналық білімі бар мамандарға – 240 СБ;

жоғары санатты мамандар үшін:  
жоғары медициналық білімі бар мамандарға – 270 СБ, орта медициналық білімі бар мамандарға – 254 СБ.

Маманның мерзімсіз сертификаты медициналық ұйымның кадр қызметінде әрбір келесі 5 жыл сайын үздіксіз кәсіби дамуына ықпал ететін іс-шараларға қатысқандығын растайтын құжат болған кезде жарамды.

44. Маман сәйкес санат бойынша мерзімсіз сертификат алу үшін, қатарынан берілген санаттар арасында үзілісі алты айдан аспаған жағдайда рұқсат беріледі.

Бірінші, жоғары санат берілген мерзімсіз маман сертификаты маманның қолданыстағы сертификатының мерзімі аяқталуына үш ай қалғанда, одан ерте емес, растайтын құжаттарды қоса ұсынған жағдайда беріледі.

#### **4. Апелляциялық өтінішті қарау тәртібі**

45. Міндетті біліктілік емтиханның нәтижесімен келіспеген үміткер тестілеу нәтижесін МФҚБК аумақтық департаменттерінің апелляциялық комиссиясына, ерікті біліктілік емтиханның нәтижесін - МФҚБК немесе МСЭҚК және оның аумақтық департаменттерінің апелляциялық комиссиясына шағымдануға құқылы.

46. Апелляциялық өтініш (бұдан әрі – өтініш) апелляциялық комиссия төрағасының атына келіспейтін нақты себебін көрсетіп, тиісті МФҚБК, МСЭҚК аумақтық департаменттеріне, МСЭҚК аумақтық департаменттеріне ұсынылады.

Міндетті біліктілік емтиханының нәтижесіне шағымдану туралы өтініш МФҚБК аумақтық департаменттерінде қаралады.

Ерікті біліктілік емтиханының нәтижесіне шағымдану туралы өтініш тиісті аумақтық департаментке беріледі және МФҚБК немесе МСЭҚК апелляциялық комиссиясында қаралады.

47. Өтініш міндетті немесе ерікті біліктілік емтиханының нәтижесін алған сәттен бастап 24 сағаттан кешіктірмей беріледі.

48. МФҚБК, МСЭҚК аумақтық департаменттері өтінішті барлық қажетті құжаттарымен бірге (тестілеу нәтижесі, тестіленушінің жауаптары мен сұрақтардың тізбесін, біліктілік комиссиясының шешімін) МФҚБК немесе МСЭҚК аумақтық департаментінде тіркелген сәттен бастап 3 күннен кешіктірмей МФҚБК, МСЭҚК апелляциялық комиссиясына жібереді.

49. Міндетті біліктілік емтиханының нәтижесін қарау үшін апелляциялық комиссия құрамы тиісті МФҚБК аумақтық департаменттерінің қызметкерлерінен, ерікті біліктілік емтиханының нәтижесін қарау үшін апелляциялық комиссия құрамы МФҚБК немесе МСЭҚК, МСЭҚК аумақтық департаменттерінің қызметкерлерінен құрылады.

50. Апелляциялық комиссияның дербес құрамын жыл сайын тиісті МФҚБК немесе МСЭҚК аумақтық департаменттің басшысы, МФҚБК немесе МСЭҚК төрағасы бекітеді.

51. Апелляциялық комиссия мүшелерінің жалпы саны тақ санды құрайды, бірақ 7 адамнан артық болмауы тиіс.

52. Апелляциялық комиссия өтінішті МФҚБК аумақтық департаментінде, МСЭҚК және оның аумақтық департаменттерінің кеңсесінде тіркелген сәттен бастап 15 жұмыс күні ішінде қарау жөнінде отырыс өткізеді.

Апелляциялық өтініштерді қарау кезінде (қажет болған жағдайда) аккредиттелген тәуелсіз сарапшылар тартылады. Сараптаманы жүргізуге тәуелсіз сарапшыларды тарту «Денсаулық сақтау саласындағы тәуелсіз сарапшыларды тарту ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 7 қарашадағы № 1304 қаулысына сәйкес жүзеге асырылады.

53. Егер отырысқа оның құрамының кемінде үштен екі мүшесі қатысса,

апелляциялық комиссия шешімі құқықты болып саналады. Дауыс беру нәтижелері комиссия мүшелерінің басым дауыстарымен анықталады. Дауыстар саны тең болған жағдайда шешуші дауыс болып апелляциялық комиссия төрағасының дауысы саналады.

54. Апелляциялық комиссия шешімі осы Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес нысан бойынша хаттама түрінде ресімделеді және апелляциялық комиссияның барлық мүшесі қол қояды.

55. Үміткерге МФҚБК, МСЭҚК кеңсесінде тіркелген сәттен бастап 7 жұмыс күні ішінде апелляциялық өтінішті қарау нәтижесі туралы жазбаша түрде хабарланады.

Денсаулық сақтау саласында  
біліктілік емтихандарын өткізу  
қағидаларына 1-қосымша  
Нысан

### Маман сертификаты

Осы маман сертификаты \_\_\_\_\_  
(тегі, аты, әкесінің аты)

\_\_\_\_\_ мамандығы бойынша  
(номенклатура бойынша мамандық)

біліктілік санаты тағайындалмай берілді.

Оны беру туралы шешім шығарған мемлекеттік орган басшысының 20 \_\_\_\_\_  
жылғы «\_\_\_» \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_\_ бұйрығы.

Сертификат 20 \_\_\_\_\_ жылғы «\_\_\_» \_\_\_\_\_ дейін жарамды.

Оны беру туралы шешім шығарған мемлекеттік орган басшысының қолы

\_\_\_\_\_

М.О. Тіркеу № \_\_\_\_\_

Берілген күні 20 \_\_\_ жылғы «\_\_» \_\_\_\_\_

Денсаулық сақтау саласында  
біліктілік емтихандарын өткізу

қағидаларына 2-қосымша

Нысан

### Маман сертификаты

Осы маман сертификаты \_\_\_\_\_  
(тегі, аты, әкесінің аты)

\_\_\_\_\_ мамандығы бойынша  
\_\_\_\_\_ (номенклатура бойынша мамандық)  
\_\_\_\_\_ біліктілік санаты тағайындалып берілді.  
Оны беру туралы шешім шығарған мемлекеттік орган басшысының  
20\_\_\_\_\_ жылғы «\_\_» \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_\_ бұйрығы.  
Сертификат 20\_\_\_\_\_ жылғы «\_\_» \_\_\_\_\_ дейін жарамды.  
Оны беру туралы шешім шығарған мемлекеттік орган басшысының қолы

\_\_\_\_\_  
М.О.

Тіркеу № \_\_\_\_\_

Берілген күні 20\_\_ жылғы «\_\_» \_\_\_\_\_

Денсаулық сақтау саласында  
біліктілік емтихандарын өткізу  
қағидаларына 3-қосымша  
Нысан

\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
басшысына (мемлекеттік органның  
аумақтық департаментінің және  
қоғамдық қауымдастықтың атауы,  
басшының тегі, аты, әкесінің аты)

\_\_\_\_\_  
( к і м н е н )

\_\_\_\_\_  
(үміткердің тегі, аты, әкесінің аты)  
\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_

(мекенжайы, байланыс телефоны)

## ӨТІНІШ

\_\_\_\_\_  
( мамандықтың атауы )  
мамандығы бойынша біліктілік санаты берілмейтін міндетті біліктілік  
емтиханына жіберуіңізді сұраймын.

Құжаттар

қоса

беріледі:

-----  
(үміткердің қолы)

-----  
(толтырған күні)

\* өтінішті үміткер өз қолымен толтырады

Денсаулық

сақтау

саласында

біліктілік

емтихандарын

өткізу

қағидаларына 4-қосымша

Нысан

### Тестілеу нәтижесі

Үміткердің тегі, аты, әкесінің аты: \_\_\_\_\_

Туған күні: \_\_\_\_\_

Жынысы: \_\_\_\_\_

Білімі: \_\_\_\_\_

Мамандығы: \_\_\_\_\_

Біліктілік санаты бар: \_\_\_\_\_

Өтініш білдірген санаты \_\_\_\_\_

Тестілеу рәсімін өткізген мемлекеттік органның атауы: \_\_\_\_\_

---

Тест блогы	Блоктағы	Дұрыс	Пайыздық
саны	сұрақтардың	жауаптардың	нәтиже

Мамандығы сұрақтар бойынша

Нәтижесі: \_\_\_\_\_

Тестілеу әкімшісі: \_\_\_\_\_

(тегі, аты, әкесінің аты, қолы)

М.О.

Үміткер: \_\_\_\_\_

(тегі, аты, әкесінің аты, қолы)

Тестілеу күні: \_\_\_\_\_

Денсаулық

сақтау

саласында

біліктілік

емтихандарын

өткізу

қағидаларына 5-қосымша

## Жоғары медициналық білімі бар үміткерлерге біліктілік санатын беру кезінде қойылатын біліктілік талаптары

Санаты	Еңбек өтілі	Тестілеу %	Үздіксіз кәсіби дамуға ықпал ететін іс-шараларға қатысу				
			Қажетті СБ жалпы саны	Негізгі және қосымша СБ арақатынасы (%)	Негізгі СБ		Қосымша СБ
					сағатпен	СБ-де	СБ-де
Жоғары	11	80	270	80%/20%	216	216	54
Бірінші	6	70	254	85%/15%	216	216	38
Екінші	3	60	120	90%/10%	108	108	12

## Орта медициналық білімі бар үміткерлерге біліктілік санатын беру кезінде қойылатын біліктілік талаптары

Санаты	Еңбек өтілі	Тестілеу %	Үздіксіз кәсіби дамуға ықпал ететін іс-шараларға қатысу				
			Қажетті СБ жалпы саны	Негізгі және қосымша СБ арақатынасы (%)	Негізгі СБ		Қосымша СБ
					сағатпен	СБ-де	СБ-де
Жоғары	11	80	254	85%/15%	216	216	38
Бірінші	6	70	240	90%/10%	216	216	24
Екінші	3	60	108	100%/0%	108	108	-

## Жоғары медициналық білімі бар үміткерлерге біліктілік санатын беру кезінде сынақ бірліктерін қайта есептеу жүйесі

№	Іс-шаралар	Сынақ бірліктерінің (СБ) саны
<b>Негізгі сынақ бірліктері</b>		
1	Біліктілігін арттыру*:	
	оқудың 1 аптасы - 54 сағат (36 дәрісханалық сағат +18 сағат СӨЖ)	54
	* - денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган айқындаған медициналық білім беру және ғылыми ұйымдарда, соның ішінде шетелдік ұйымдарда өткен біліктілікті арттыру сағаттары ескеріледі (бекітілген тізбе)	
<b>Қосымша сынақ бірліктері</b>		
2	- облыстық, республикалық маңызы бар қалаларда (қатысу/баяндамамен қатысу)	3/6
	- республикалық (қатысу/баяндамамен қатысу)	5/10
	- халықаралық (қатысу/баяндамамен қатысу) деңгейде съезге, конгреске, конференцияға қатысқандығын сертификатпен растау (тақырыбы, өткен жері, өткізуді ұйымдастырушы, күні)	7/14

3	Медициналық білім беру және ғылыми ұйымдар қашықтан білім беру технологияларын (ТД-; телемедициналық технологияларды, желілік технологияларды қоса алғанда) қолданып өткізілетін оқыту семинарларына, дәрістерге қатысу (тақырыбы, ұзақтығы - сағатпен, өткен жері, өткізуді ұйымдастырушы, күні)	1 сағат = 1
4	Монографияны жариялау (тақырыбы, авторлар, баспа, күні):	
	Моноавторлық/бірінші автор	20
	Бірлескен авторлық	10
5	Ғылыми мақаланы МАК тізбесі бойынша басылымдарда жариялау (тақырыбы, авторлар, басылымның атауы және №, күні):	
	Моноавторлық/бірінші автор	7
	Бірлескен авторлық	5
6	Ғылыми мақаланы шетел басылымдарында жариялау (тақырыбы, авторлары, басылымның атауы және №, күні):	
	Моноавторлық/бірінші автор	10
	Бірлескен автор	8
	Peer-reviewed журналдарда:	
	Моноавторлық/бірінші автор	20
	Бірлескен автор	15
7	Ғылыми мақаланы басқа арнайы басылымдарда, сайттарда жариялау* (тақырыбы, авторлары, басылымның атауы және №, күні, сайтқа сілтеме):	
	Моноавторлық/бірінші автор	5
	Бірлескен автор	3
8	Баяндама тезистерін ғылыми-практикалық конференциялардың жинақтарында жариялау * (тақырыбы, авторлары, басылымның атауы және №, күні):	
	- республикалық деңгейде	1 тезис = 3
	- халықаралық деңгейде	1 тезис = 5
	* - автор мен бірінші 3 бірлескен авторға есептеледі	
9	Дәлелді медицина қағидаттарының практикалық медицинаға арналған негізінде әдістемелік ұсынымдарды жариялау (тақырыбы, авторлары, басылым, күні):	
	Моноавторлық/бірінші автор	7
	Бірлескен автор	5
10	Өнертабысқа патент алу (куәліктің берілген күні және №)	20
11	Зияткерлік меншік туралы берілген куәлік (куәліктің берілген күні және №)	15
12	Жұмыс сағаттарының саны туралы растайтын құжат берілетін шетелде тағылымдамадан өту (жұмыс орнында оқу) (тақырыбы, ұзақтығы, өткен жері, күні)	1 күн = 5
13	Мамандығы бойынша мастер-класқа қатысу (тақырыбы, ұзақтығы, өткізілген жері, өткізуді ұйымдастырушы, күні):	
	- Қазақстан Республикасында 1 күн - 6 сағат*;	6



	- шетелде - 1 күн - 6 сағат*	8
14	Бұқаралық ақпарат құралдарымен жұмыс (тақырыбы, телеарна мен бағдарламаның атауы және басылымның атауы мен №, күні):	
	- денсаулық сақтау мәселелеріне арналған телехабарларға қатысу	4
	- газеттер мен арнайы журналдардағы жарияланымдар	2
15	Құжатпен расталған ауруды диагностикалаудың жаңа әдісін практикалық жұмысқа енгізу (емдеу, профилактика) (жергілікті денсаулық сақтауды басқару органының қатысуымен енгізу актісі)	10
16	Республикалық кәсіби қауымдастықтың осы қоғамдастықтың ұсынымдарымен расталған іс-шараларға белсенді қатысу	5
17	Мамандығы бойынша үздік атағына кәсіби конкурстардағы номинация:	
	республикалық деңгейде:	
	1-орын/2-орын/3-орын	30/25/20
	облыстық, республикалық деңгейдегі қалалар:	
	1-орын/2-орын/3-орын	20/15/10
	қалалық деңгейде	
	1-орын/2-орын/3-орын	15/12/8
аудандық деңгейде		
	1-орын/2-орын/3-орын	12/8/6

## Орта медициналық білімі бар үміткерлерге біліктілік санаттарын тағайындау кезінде сынақ бірліктерін қайта санау жүйесі

	Іс-шаралар	С ы н а қ бірліктерінің (СБ) саны
<b>Негізгі сынақ бірліктері</b>		
1	Біліктілігін арттыру*:	
	1-ші оқыту аптасы - 54 сағат (36 дәрісханалық сағат +18 сағат СӨЖ)	54
	* - денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган белгілеген медициналық білім беру және ғылыми ұйымдарда біліктілікті арттыру сағаттары ескеріледі (бекітілген тізбе)	
<b>Қосымша сынақ бірліктері</b>		
2	Съездер, конгрестер, конференциялар жұмысына қатысқаны сертификатпен расталған, деңгейі (тақырыбы, өткізілген жері, өткізуді ұйымдастырушы, күні):	
	- аудандық, облыстық (қатысу/баяндамамен қатысу)	3/6
	- республикалық маңызы бар қалаларда (қатысу/баяндамамен қатысу)	5/10
	- халықаралық (қатысу/баяндамамен қатысу) деңгейде	7/14

3	Медициналық білім беру және ғылыми ұйымдар қашықтан білім беру технологияларын қолданып өткізілетін оқу семинарларына, дәрістерге қатысу (тақырыбы, ұзақтығы - сағатпен, өткізілген жері, өткізуді ұйымдастырушы, күні)	1 сағат = 1
4	Мақаланы республикалық, облыстық және аудандық басылымдарда жариялау (тақырыбы, авторлары, басылымның атауы және №, күні):	
	Моноавторлық/бірінші автор	10
	Бірлескен автор	8
5	Ғылыми мақаланы басқа арнайы басылымдарда, сайттарда жариялау (тақырыбы, авторлары, басылымның атауы және №, күні):	
	Моноавторлық/бірінші автор	5
	Бірлескен автор	3
6	Баяндама тезистерін ғылыми-практикалық конференцияларда жариялау* (тақырыбы, авторлары, басылымның атауы және №, күні):	
	- облыстық деңгейде	1 тезис = 3
	- аудандық деңгейде	1 тезис = 5
	* - автор мен бірінші 3 бірлескен авторға есептеледі	
7	Дәлелді медицина қағидаттары негізінде практикалық денсаулық сақтауға арналған әдістемелік ұсынымдарды жариялау (тақырыбы, авторлар, басылым, күні):	
	Моноавторлық/бірінші автор	7
	Бірлескен автор	5
8	Өнертабысқа патент алу (куәлік № және берілген күні)	20
9	Зияткерлік меншік туралы берілген куәлік (куәлік № және берілген күні)	15
10	Жұмыс сағаттарының саны туралы расталған құжат берілетін шетелде тағылымдамадан өту (жұмыс орнында оқу) (тақырыбы, ұзақтығы, өткізілетін жері, күні)	1 күн = 5
11	Мамандығы бойынша мастер-класқа қатысу (тақырыбы, ұзақтығы, өткізілетін жері, күні):	
	- Қазақстан Республикасында 1 күн - 6 сағат*;	6
	- шетелде - 1 күн - 6 сағат**	8
12	Бұқаралық ақпарат құралдарымен жұмыс (тақырыбы, телеарна мен бағдарламаның атауы және басылымның атауы және №, күні):	
	- денсаулық сақтау мәселелеріне арналған телехабарларға қатысу	4
	- газеттер мен мамандандырылмаған журналдардағы жарияланымдар	2
13	Республикалық кәсіби қауымдастықтың, осы қауымдастықтың ұсыныстарымен расталған іс-шараларына белсенді қатысу	5
14	Мамандығы бойынша үздік атағына кәсіби конкурстардағы номинациялар:	
	республикалық деңгейде:	
	1-орын/2-орын/3-орын	30/25/20
	облыстық, республикалық деңгейдегі қалалар:	
	1-орын/2-орын/3-орын	20/15/10

қалалық деңгейде	
1-орын/2-орын/3-орын	15/12/8
аудандық деңгейде	
1-орын/2-орын/3-орын	12/8/6

Денсаулық сақтау саласында  
біліктілік емтихандарын өткізу  
қағидаларына 6-қосымша  
Нысан

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

басшысына (мемлекеттік органның  
аумақтық департаментінің және  
қоғамдық қауымдастықтың атауы,  
басшының тегі, аты, әкесінің аты)

( к і м н е н )

(үміткердің тегі, аты, әкесінің аты)

(мекенжайы, байланыс телефоны)

## ӨТІНІШ

Сізден \_\_\_\_\_  
( мамандық атауы )  
мамандығы бойынша \_\_\_\_\_ біліктілік санаты берілетін  
біліктілік емтиханына жіберуіңізді сұраймын.  
Аттестаттау ісі қоса беріледі.

(үміткердің қолы)

(толтырған күні)

\*өтінішті үміткер өз қолымен толтырады

Денсаулық сақтау саласында  
біліктілік емтихандарын өткізу  
қағидаларына 7-қосымша

Нысан

**АТТЕСТАТТАУ ІСІ № \_\_\_\_\_**

1. Тегі \_\_\_\_\_ Аты-жөні \_\_\_\_\_ Әкесінің аты \_\_\_\_\_  
(деректер жеке куәлігіне енгізіледі)

Туған күні: \_\_\_\_\_ ж.

Мекенжайы: \_\_\_\_\_

Байланыс телефоны \_\_\_\_\_

e-mail \_\_\_\_\_

Жұмыс орны \_\_\_\_\_

Лауазымы \_\_\_\_\_

2. Білімі: жоғары медициналық \_\_\_\_\_  
(дипломы бойынша мамандығы)

Техникалық, кәсіптік, орта білімнен кейінгі немесе орта медициналық

\_\_\_\_\_ (дипломы бойынша мамандығы)

Оқу орнының атауы \_\_\_\_\_

Сериясы	Дипломның №	Түскен жылы	Бітірген жылы

мамандығы бойынша интернатура, клиникалық ординатура, резидентура  
(жоғары медициналық білімі бар мамандар үшін)

Мамандығы бойынша қайта даярлануы \_\_\_\_\_  
(циклдың аты, сағат саны, өткен мерзімі мен орны)

2005 жылғы 1 қаңтарға дейін өтініш білдірілген мамандық бойынша  
клиникалық қызметке кіріскен тұлғаларға тиісті мамандығы бойынша  
қайта даярлаудан өту талап етілмейді.  
Өтініш білдірген мамандық бойынша біліктілігін арттыру курстары (өту  
кезеңі және орны, сағат саны):

1) \_\_\_\_\_

2) \_\_\_\_\_

3) \_\_\_\_\_

3. Еңбек жолы (өтініш білдірген мамандық бойынша)

Жалпы медициналық өтілі \_\_\_\_\_

Өтініш білдірген мамандық бойынша өтілі \_\_\_\_\_

Лауазымы \_\_\_\_\_

№	Қабылданған күні	Жұмыстан босатылған күні	Жұмысқа қабылданғаны, жұмыстан босатылғаны және ауыстырылғаны туралы мәліметтер	Бұйрықтың № мен шығарылған күні
1				
2				
3				

4. Санатсыз сертификаттың болуы, берілген жері:

берілген күні \_\_\_\_\_ бұйрықтың № \_\_\_\_\_

Сертификат 20\_\_\_\_ жылғы «\_\_» \_\_\_\_\_ дейін жарамды.

\_\_\_\_\_ санатымен маман сертификатының болуы, берілген жері:

берілген күні \_\_\_\_\_ бұйрықтың № \_\_\_\_\_

Сертификат 20\_\_\_\_ жылғы «\_\_» \_\_\_\_\_ дейін жарамды.

5. Үміткердің үздіксіз кәсіби дамуына ықпал ететін іс-шараларға қатысуы туралы ақпарат.

Үздіксіз кәсіби дамуына ықпал ететін іс-шараларға қатысу				
Соңғы 5 жылда жиналған СБ жалпы саны	Соңғы 5 жылда жинақталған негізгі СБ мен қосымша СБ арақатынасы (%)	Соңғы 5 жылда жинақталған негізгі СБ		Соңғы 5 жылда жинақталған қосымша СБ
		сағатта	СБ-де	СБ-де

5.1. Жинақталған негізгі сынақ бірліктері туралы ақпарат (өтініш білдірген мамандығы бойынша денсаулық сақтау ұйымдары белгілеген медициналық білім беру және ғылыми ұйымдарда, сондай-ақ шетелде біліктілігін арттырғаны туралы ақпарат (соңғы 5 жылда)

№	Атауы, циклдың ұзақтығы (сағат)	Медициналық білім беру және ғылыми ұйымдардың атаулары, өткен жері	Оқудың басталуы	Оқудың аяқталуы
1				
2				

5.2. Жинаған қосымша сынақ бірліктері туралы ақпарат

№	Іс-шараның атауы (барлық деректерді толық көрсетіп)	Сынақ бірліктерінің саны
1		
2		
3		

6. Үміткердің бастапқы есепке алу құжаттамасының деректеріне сәйкес өтініш берген мамандығы бойынша соңғы 2 жылғы есебі

Е с к е р т п е :

Мамандығы бойынша еңбек жолы 12 айдан астам үзілісте болған жағдайда біліктілік санаты беріле отырып, маман сертификатын алу үшін мамандар екі жыл жұмыс істеуі тиіс.

Мамандығы бойынша еңбек жолының үзілісі кемінде 12 ай болған жағдайда маман үзіліске дейін және үзілістен кейінгі өндірістік қызметінің жиынтықта екі жылды құрайтын жұмыс істеген кезеңі үшін е с е п т а п с ы р а д ы .

Денсаулық сақтау жүйесіндегі мемлекеттік қызметке өтуіне байланысты маманның клиникалық қызметі үзілген жағдайда, негізгі мамандығы бойынша жұмыс өтілінде, оның ішінде мемлекеттік қызметте болған уақыты есептеледі.

**Статистикалық көрсеткіштер\***

Көрсеткіштер (көлемі, сапа мен тиімділік индикаторлары)	20__ жыл	20__ жыл

\*үміткердің қалауы бойынша осы мамандық үшін маңызды басым көрсеткіштерге қысқаша талдама шолу жасалған көрсеткіштер

**6.1. Диагностика мен емдеудің күнделікті практикада пайдаланылатын әдістерінің көлемі:**

	Екінші санат	Бірінші санат	Жоғары санат
Практикалық дағдылары (критерийлер)	Тиісті тәртіп бойынша диагностика мен емдеу хаттамаларына сәйкес (аурулардың және жарақаттардың профилактикасы, диагностикасы емдеу әдістерін күнделікті практикада қолдану	Екінші санатқа қосымша, сырқаттану және олардың асқынулары кезінде профилактикасын, диагностикасын, емдеудің қазіргі заманғы әдістерін күнделікті практикада қолдану	Бірінші санатқа қосымша, диагностика мен емдеудің жоғары технологиялық әдістерін күнделікті практикада қолдану. Ауылдық аумақтардың мамандары, амбулаториялық-емханалық буын мамандары үшін бірінші санатқа қосымша кемінде үшінші байланысты мамандық бойынша диагностика мен емдеудің әдістерін күнделікті практикада қолдану

**7. Тәртіптік, әкімшілік жазалар, көтермелеулер (соңғы жылда)**

Үміткер \_\_\_\_\_

(қолы) (Т.А.Ә.)

Медициналық ұйымның басшысы \_\_\_\_\_

(қолы) (Т.А.Ә.)

Кадр қызметінің маманы растады \_\_\_\_\_

(қолы) (Т.А.Ә.)

М.О.

Аттестаттау ісін растау күні 20\_\_ жылғы «\_\_» \_\_\_\_\_

Аттестаттау ісін үміткер толтырады. Толтырылған аттестаттау ісі үміткер, медициналық ұйымның басшысы, кадр қызметінің маманы қолдарын қойған соң, медициналық ұйымның мөрімен расталады. Кадр қызметі маманының қолы мен ұйымның мөрі аттестаттау ісінің әр бетіне қойылады. Жеке медициналық практикамен айналысатын жеке тұлғаның ісіне медициналық ұйымның басшысы қол қояды.

Аттестаттау ісінде ұсынылған ақпараттың шынайылығына Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен үміткер кадр қызметінің маманы мен ұйым басшысы жауапты.

8. Санитариялық-эпидемиологиялық бейінді және «қоғамдық денсаулық сақтау/әлеуметтік гигиена және денсаулық сақтауды ұйымдастыру» мамандықтары бойынша мамандарды қоспағанда, медициналық білімі бар үміткердің күнделікті практикада пайдаланатын диагностика және емдеу әдістері көлемінің өтініш білдірген санатқа сәйкестігіне қорытынды (осы Қосымшаның 6, 6.1-тармақтарына сәйкес)

1) \_\_\_\_\_ санатқа сәйкес келеді;

2) \_\_\_\_\_ санатқа сәйкес келмейді;

20\_\_ жылғы «\_\_» \_\_\_\_\_

Маманның Т.А.Ә.

(қолы)

М.О.

9. Тәуелсіз сарапшының қорытындысы:

1) өтініш берілген \_\_\_\_\_ санатқа сәйкес келеді;

2) өтініш берілген \_\_\_\_\_ санатқа сәйкес келмейді;

3) өтініш берілген санаттан төмен \_\_\_\_\_ санатқа сәйкес келеді.

20\_\_ жылғы «\_\_» \_\_\_\_\_

Тәуелсіз сарапшының Т.А.Ә.

(қолы)

М.О.

10. 20\_\_ ж. «\_\_» \_\_\_\_\_ тестілеу нәтижесі \_\_\_\_\_%

М.О.

Е с к е р т п е :

Аттестаттау ісін үміткер дербес қалыптастырады. Оның 1-6 – тармақтарын үміткер толтырады, 7-тармақты – медициналық ұйымның кадр қызметінің маманы, 8-тармақты – облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың денсаулық сақтауды мемлекеттік басқарудың жергілікті органдарының бас мамандары, 9-тармақты – тәуелсіз сарапшы, 10-тармақты – МСЭҚК, МФҚБК аумақтық департаментінің және МСЭҚК аумақтық департаментінің мамандары толтырады.

Денсаулық сақтау саласында  
біліктілік емтихандарын өткізу  
қағидаларына 8-қосымша  
Нысан

**Мамандандырылған комиссиясы отырысының**

**20** жылғы «» \_\_\_\_\_

**№** \_\_\_\_\_ хаттамасы

\_\_\_\_\_ (органның немесе ұйымның атауы)

\_\_\_\_\_ мамандандырылған комиссиясы

1. Үміткердің тегі, аты, әкесінің аты \_\_\_\_\_

2. Мамандығы \_\_\_\_\_

3. Үміткердің өтініш білдірген санатқа практикалық дағдыларының сәйкестігі туралы қорытынды \_\_\_\_\_

4. Тестілеу нәтижесі \_\_\_\_\_

5. Тәуелсіз сарапшының қорытындысы \_\_\_\_\_

6. Әңгімелесу нәтижесі \_\_\_\_\_

7 . \_\_\_\_\_ Ұ с ы н ы л д ы :

\_\_\_\_\_ мамандығы бойынша

(номенклатура бойынша мамандық)

\_\_\_\_\_ біліктілік санатын беру ұсынылды.

\_\_\_\_\_ мамандығы бойынша

(номенклатура бойынша мамандық)

\_\_\_\_\_ біліктілік санатын беруден бас тартылды.

\_\_\_\_\_ мамандығы бойынша

(номенклатура бойынша мамандық)

өтініш білдірген \_\_\_\_\_ біліктілік санатынан төмен \_\_\_\_\_ біліктілік

с а н а т ы н \_\_\_\_\_ б е р у \_\_\_\_\_ ұ с ы н ы л д ы .

8. Мамандандырылған комиссия мүшелерінің шешім қабылдау бойынша дауыс беру қорытындылары: «иә» \_\_\_\_\_ дауыс, «қарсы» \_\_\_\_\_ дауыс

9. Мамандандырылған комиссияның ескертулері, ұсынымдары

\_\_\_\_\_ Комиссия төрағасы \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ Комиссия хатшысы \_\_\_\_\_

Комиссия мүшелері: \_\_\_\_\_



Денсаулық сақтау саласында  
біліктілік емтихандарын өткізу  
қағидаларына 9-қосымша  
Нысан

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

басшысына (мемлекеттік органның  
аумақтық департаментінің атауы,  
басшысының тегі, аты, әкесінің аты)

( к і м н е н )

(маманның тегі, аты, әкесінің аты)

(мекенжайы, байланыс телефоны)

## ӨТІНІШ

Сізден \_\_\_\_\_ мамандығы бойынша  
( м а м а н д ы қ а т а у ы )  
\_\_\_\_\_ біліктілік санаты берілетін мерзімсіз маман сертификатын  
беруіңізді сұраймын.

- 1) \_\_\_\_\_ мамандығы бойынша \_\_\_\_\_ жылғы  
« \_\_\_ » № \_\_\_\_\_ сертификат.
- 2) \_\_\_\_\_ мамандығы бойынша \_\_\_\_\_ жылғы  
« \_\_\_ » № \_\_\_\_\_ сертификат.
- 3) \_\_\_\_\_ мамандығы бойынша \_\_\_\_\_ жылғы  
« \_\_\_ » № \_\_\_\_\_ сертификат.

4) Соңғы бес жылда үздіксіз кәсіби дамуға ықпал ететін  
іс-шараларға қатысуды растайтын құжаттардың көшірмесі.

Құжаттардың көшірмесі қоса беріледі.

(маманның қолы)

(толтырған күні)

\*өтінішті маман өз қолымен толтырады

Денсаулық сақтау саласында  
біліктілік емтихандарын өткізу  
қағидаларына 10-қосымша  
Нысан

**Апелляциялық комиссия отырысының**

**20** \_\_\_\_\_ жылғы «\_\_\_\_\_» \_\_\_\_\_

**№** \_\_\_\_\_ хаттамасы

1. Апелляциялық өтініш берген үміткердің тегі, аты, әкесінің аты  
\_\_\_\_\_
2. Лауазымы \_\_\_\_\_
3. Мамандығы: \_\_\_\_\_
4. Біліктілік санаты \_\_\_\_\_
5. Өтініш берген санаты \_\_\_\_\_  
(біліктілік санаты берілетін үміткерлер үшін)
6. Біліктілік емтиханын өткізу күні  
\_\_\_\_\_
7. Тестілеу нәтижесі (%) \_\_\_\_\_
8. Өңгімелесу нәтижесі \_\_\_\_\_
9. Шешім қабылдау бойынша апелляциялық комиссия мүшелерінің дауыс беру нәтижелері «иә» \_\_\_\_\_ дауыс, «қарсы» \_\_\_\_\_ дауыс:
10. Апелляциялық комиссия шешімі  
\_\_\_\_\_

Қолдары:

Комиссия төрағасы: \_\_\_\_\_

Төраға орынбасары: \_\_\_\_\_

Комиссия хатшысы: \_\_\_\_\_

Комиссия мүшелері: \_\_\_\_\_

-----  
-----  
-----